

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 25 маусымдағы № 7-1/319 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43-1-бабына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін айқындау бойынша оларға ветеринарлық-санитарлық сараптама жүргізу Ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 1 сәуірдегі № 199 бұйрығы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5198, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілері бюллетені, 2008 жылғы № 5, 318-құжат жарияланған)

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін айқындау бойынша оларға ветеринарлық-санитарлық сараптама жүргізу Ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 1 сәуірдегі № 199 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 19 ақпандағы № 93 бұйрығы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5588 болып тіркелген, жарияланған «Заң газеті» 2009 жылғы 10 сәуір, № 5 3 (1 6 5 0) ;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2009 жылғы 5 қарашадағы № 639 бұйрығы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5892 болып тіркелген, жарияланған «Заң газеті» 2009 жылғы 23 желтоқсандағы № 194 (1617).

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық және тамақ қауіпсіздігі департаментіне;

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

2) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

А. Мамытбеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК